

Степногорск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 5С-8/5 "Степногорск қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер, және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 5 қыркүйектегі № 5С-21/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 қазанды № 3838 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 29 шілдедегі № 6С-7/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 29.07.2016 № 6С-7/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес, Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. "Степногорск қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Степногорск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 8 тамыздағы № 5С-8/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3439 болып тіркелген, 2012 жылғы 13 қыркүйекте "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қалалық мәслихат
сессиясының тәрағасы
Қалалық мәслихаттың
хатшысы**

C.Сабыров

F.Көпееева

КЕЛІСІЛДІ

Степногорск қаласының әкімі

M. Тақамбаев

Степногорск қалалық мәслихатының

2013 жылғы 5 күркүйектегі

№ 5C-21/4 шешіміне

қосымша

Степногорск қаласында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізілетін орындар

№	Елді мекен атауы	Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізілетін орындар
1	Степногорск қаласы	"Мираж" мәдениет үйінің алдындағы алаң, 2 шағын аудан, 1
2	Заводской кенті	кітапхана алдындағы алаң, Мира көшесі, 11А
3	Ақсу кенті	мәдениет үйінің алдындағы алаң, Қабылден Амантай көшесі, 3
4	Шантебе кенті	мәдениет үйінің алдындағы алаң, 1 шағын аудан, 23
5	Бестебе кенті	мәдениет үйінің алдындағы алаң, Мира көшесі, 492
6	Қарабұлақ селосы	кітапхана алдындағы алаң, Ленин көшесі, 24
7	Қырық құдық ауылы	ауылдың орталық алаңы, Бөгенбай Батыр көшесі, 9
8	Изобильный ауылы	ауылдың орталық алаңы, Казахстанская көшесі, 9
9	Степногорское ауылы	ауылдың орталық алаңы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 1
10	Бөгенбай ауылы	ауылдың орталық алаңы, Мектеп көшесі, 2